«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№35 ХАМИТ ЕРҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №35 ИМЕНИ ХАМИТА ЕРГАЛИЕВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АТЫРАУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

02.09.2024ж № 172

Жұмыскер ауылы село Жумыскер

Бланк серия мен нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ болып табылады
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН

**Мектеп – гимназияда тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

№598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 24.05.2021 жылғы №231, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 236 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай – ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.I оқу тоқсанында мектеп – гимназия ұйымында жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, оның ішінде 5 – 9 – сыныптың (47 оқушысы) мен 1 – 4 – сыныптың (581) білім алушыларына мектеп – гимназия асханасында тамақтандыру ұйымдастырылсын.
2.Тамақтануды ұйымдастыру кезінде халықтың санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қаматамасыз ету жауапкершілігі ИП «Избасова Б.А» ға жүктелсін.
3. Мектеп – гимназиясының асханасының жұмыс уақыты 18.00- де аяқталсын.
4.Бекіткен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуы көрсетілген және бекітілген ас мәзірі білім алушылардың ата – аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастыру жауапкершілігі Р.Аманбаеваға жүктелсін.
5.Қалалық Білім беру бөлімімен бірге құрылған интернет – ресурстағы «Мектептегі тамақтану» айдарына, күнделікті ас мәзірін салу, мектеп –

гимназия жұмысына қатысты ақпараттарды салып отыру жауапкершілігі іс жүргізуші Ф.Санаеваға міндеттелсін.
6.Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындары, шөлмектегі суды өткізу конкрустық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асыру жауапкершілігі ИП «Избасова Б.А» ға міндеттелсін.
7. «Мектептегі тамақтану» айдарына, сондай – ақ «Мектеп сайтына» білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша ақпаратты (тағамдардың суреті көрсетілген перспективалық, күнделікті ас мәзірі, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық сарапатамалық топтардың жұмыс жоспары, актілері) жүйелі түрде орналастыруды қамтамасыз ету жауапкершілігі директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Д.Т.Мухановаға жүктелсін.
8.Білім беруді басқару органы бекіткен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуын көрсете отырып, ас мәзірін бекіттіру және оны асханаға және білім алушылардың ата – аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастыру жауапкершілігі басаспазшы Р.Аманбаеваға, оны күнде қадағалап отыру жауапкершілігі мектептің әлеуметтік педагогтері Ж.Наурызгалиеваға, А.Даулетияроваға тапсырылсын.
9.ИП «Избасова Б.А» ға ай сайын орта білім беру ұйымының басшысына өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарын және білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді ұсыну жауапкершілігі міндеттелсін.
10.Мектеп гимназия ұйымында тамақтану мен тамақ өндімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ – KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық – түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу мақсатында мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссиясы құрылсын./қосымша №1
11. Комиссия жұмысының қорытындылары педагогикалық кеңесінде қарау және оны интернет – ресурстарында орналастыру үшін ақпарат түрінде ресімделу жакапкерлігі директордың бастауыш ісі жөніндегі орынбасары Ж.Х.Кайрова мен мектеп – гимназияның әлеуметтік педагогтері Ж.Наурызгалиеваға, А.Даулетияроваға жүктелсін.
12.Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

**Мектеп – гимназия директоры:** **Т.Ж.Хамитова**